

**ӘРІПТЕСТІК ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ** 2.05-2015

Алматы қ. 01 желтоқсан 2015 ж.

«Хабар» Агенттігі» Акционерлік қоғамы атынан, әрі қарай «Агенттік» деп аталып, 03.12.2014 ж. № 02/08/2634 сенімхатының негізінде әрекет етуші «Хабар» Агенттігі» АҚ басқарушы директоры – АФ директоры Федорова С.В. бірінші тараптан және «**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны атынан, әрі қарай «Университет» деп аталып, Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Мутанов Г.М. екінші тараптан, бірлесіп әрі қарай «Тараптар» деп атала отырып, өзара тиімді әріптестік мақсатымен осы Әріптестік туралы меморандумды (әрі қарай – Меморандум) жасады және төмендегідей келісімге келді:

1. Меморандум мәні

1.1. Осы Меморандумның мәні Агенттік пен Университеттің журналистика факультетінің шығармашылық және өндірістік әріптестігін әрі қарай дамытуда өзара мүдделік, сондай-ақ Университеттің журналистика факультеті студенттерінің Агенттіктің редакциялары мен студияларында телевизиялық хабарларды өндірудің жаңа технологияларын пайдалана отырып оқу және өндірістік тәжірибеден өтуі үшін қолдау көрсету болып табылады.

2. Тараптардың міндеттері

2.1. Тараптардың міндеттері:

- 1) Меморандумның нормаларын және бірлесіп қабылдаған (келіскен) шешімдерді сақтау;
- 2) Меморандумды орындау барысында алынған ақпаратқа қатысты құпиялықты сақтау және оны екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеу;

**МЕМОРАНДУМ О
СОТРУДНИЧЕСТВЕ** 2.05-2015

г. Алматы 01 желтоқсан 2015 г.

Акционерное общество «Агентство «Хабар», в дальнейшем именуемое «Агентство», в лице управляющего директора - директора АФ АО «Агентство «Хабар» Федоровой С.В., действующего на основании доверенности № 02/08/2634 от 03.12.2014 г., с одной стороны, и республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «**Казахский национальный университет им. Аль-Фараби**», в дальнейшем именуемое «Университет», в лице ректора Мутанова Г.М., действующего на основании Устава, с другой стороны, вместе именуемые «Стороны», в целях взаимовыгодного сотрудничества заключили настоящий Меморандум о сотрудничестве (далее - Меморандум) и согласились о нижеследующем:

1. Предмет Меморандума

1.1. Предметом настоящего Меморандума является взаимная заинтересованность в дальнейшем развитии творческого и производственного сотрудничества Агентства и факультета журналистики Университета, а также содействие в прохождении студентами факультета журналистики Университета учебной и производственной практики в редакциях и студиях Агентства, с использованием новейших технологий производства телевизионных передач.

2. Обязанности Сторон

2.1. Стороны обязаны:

- 1) соблюдать нормы Меморандума и совместно принятые (согласованные) решения;
- 2) соблюдать конфиденциальность в отношении полученной в ходе исполнения Меморандума информации и не передавать ее без письменного согласия другой

3) Тараптардың тиімді әріптестігіне ықпал ету. 3. Консультациялар және дауларды шешу 3.1. Тараптар Меморандум қағидаларының орындалуына қатысты кез-келген мәселе бойынша кез-келген Тараптың сұрауы бойынша консультациялар өткізеді. 3.2. Меморандум қағидаларын түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді. 4. Өзгертулер енгізу және бұзу 4.1. Тараптардың өзара келісімі бойынша Меморандумға жазбаша түрде рәсімделетін және осы Меморандумның ажырамайтын бөлігі болып табылатын өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. 4.2. Меморандум бұзыла алады: 1) Тараптардың біреуінің ниеті бойынша, бұл жағдайда бастама көтерген Тарап екінші Тарапқа Меморандумды бұзған күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша хабарлайды; 2) Тараптардың келісімі бойынша. 5. Қосымша шарттар 5.1. Осы Меморандум Тараптардың ниетін білдіруі болып табылады және Агенттік пен Университетке нақты заңды немесе қаржылай міндеттер жүктемеді. 5.2. Ешбір Тарап екінші Тараптың міндеттерінің немесе борыштарының ауыртпалықтарын мойнына алмайды. 5.3. Әрбір Тарап осы Меморандумның шарттарын орындау кезінде туындайтын өзінің жеке шығындарын көтереді. 6. Меморандумның әрекет ету мерзімі 6.1. Әрбір Меморандум өз күшіне оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және анықталмаған мерзімге жасалды.	Стороны третьим лицам; 3) способствовать эффективному сотрудничеству Сторон. 3. Консультации и разрешение споров 3.1. Стороны проводят консультации по запросу любой из Сторон по любым вопросам, касающимся выполнения положений Меморандума. 3.2. В случае возникновения споров и разногласий при толковании или применении положений Меморандума Стороны разрешают их путем консультаций и переговоров. 4. Внесение изменений и расторжение 4.1. В Меморандум по взаимному согласию Сторон могут вноситься изменения и дополнения, которые оформляются в письменной форме и являются неотъемлемыми частями настоящего Меморандума. 4.2. Меморандум, может быть расторгнут: 1) по инициативе одной из Сторон, в случае, если иницилирующая Сторона письменно уведомит другую Сторону не менее чем за 10 (десять) календарных дней до расторжения Меморандума; 2) по соглашению Сторон. 5. Дополнительные условия 5.1. Настоящий Меморандум является выражением намерений Сторон и не налагает на Агентство и Университет конкретных юридических и финансовых обязательств. 5.2. Ни одна из Сторон не будет обременена обязательствами или долгами другой Стороны. 5.3. Каждая Сторона будет нести свои собственные расходы, возникающие при выполнении условий настоящего Меморандума. 6. Срок действия Меморандума 6.1. Настоящий Меморандум вступает в силу с момента его подписания и заключен на неопределенный срок.
---	---

7. Басқа да шарттар 7.1. Меморандум қазақ және орыс тілдерінде екі данадан, әрбір Тарапқа бір-бірден шығарылды, олар бірдей заңды күшке ие.	7. Прочие условия 7.1. Меморандум составлен на русском и казахском языках по два экземпляра для каждой из Сторон, имеющих одинаковую юридическую силу.
--	---

8. Тараптардың деректемелері / Реквизиты Сторон

Агенттік/Агентство:

АО «Агентство «Хабар»

г. Астана, р-он Есиль, ул.Д. Конаева,4

БИН 980640000529

ИИК KZ7384901KZ000363501

в АФ АО «Нурбанк» в г. Алматы

БИК NURSKZKX, КБЕ 17

Университет/Университет:

РГП на праве хоз. ведения «Казахский национальный университет им Аль-Фараби»

050040, г. Алматы, пр. Аль-Фараби, 71

БИН 990140001154

ИИК KZ288560000000473722

в филиале АО «Банк ЦентрКредит»

БИК KСJBKZKX, КБЕ 16

**Управляющий директор –
директор АФ АО «Агентство «Хабар»**



С. Федорова

М.П.

Ректор



Г. Мутанов

М.П.